«Бекітілген»
«Батыр-2017» ЖШС-нің
жалғыз қатысушысының
шешімімен
«6» қазан 2023 ж.

«Батыр-2017»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің
ЖАРҒЫСЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы жарғы құрылы тәртібін, Қатысушының құқықтары мен міндеттерін, Қатысушының мүліктегі үлесін, органдарыдың құрылу тәртібі мен құзіретін, таза пайданы бөлуді, сондай-ақ серіктестік нысанындағы шаруашылық серіктестігі **«Батыр-2017» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің** (бұдан былай «Серіктестік» деп аталады) қайта құрылу және қызметін тоқтау шарттарын анықтайды.

1.2. Серіктестік өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, 22.04.1998 ж. «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

1.3. Серіктестік белгісіз мерзімге құрылған және заңды тұлға мәртебесі, жеке теңгерімі, жекеленген мүлгі, өз қарауына қарай өкімдік ету құқығы, банктарда есептік, валюталық және өзге де шоттары мөрі түтас тауар белгісі өзінің фирмалық атауы көрсетілген бланкылары мен мөртабаны бар дербес ұйым болып табылады.

1.4. Серіктестік өз атынан заңды және жеке тұлғалармен шарттық қатынастарға түсе алады, сотта жауапкер және талапкер болады.

1.5. Серіктестік Қатысушының жеке міндеттері бойынша жауапкершілік көтермейді. Серіктестік өз міндеттері бойынша барлық мүлгі көлемінде жауапкершілік көтереді. Қатысушы Серіктестік өз міндеттері бойынша жауап бермейді және Серіктестік қызметімен байланысты шығын қатерін Серіктестіктің Жарғылық капиталына енгізген салымдарының құны көлемінде көтереді.

1.6. Серіктестік заңды тұлға мәртебесін мемлекеттік тіркелген мезетінен бастап алады.

1.7. Серіктестік Қатысушысы Серіктестік мүлігіне міндеттемелік құқықтарын сақтайды.

1.8. Осы Жарғыға қол қойылған күні Серіктестік Қатысушы:

Қатысушы 1 – Қазақстан Республикасының азаматшасы Рахматуллина Лилия Рудольфовна, 22.06.2002 т.ж., жеке куәлік № 044761950, 15.08.2018 жылы ІІМ берілген, ЖСН 020622650803, тұрғылықты мекен-жайы: Атырау облысы, Атырау қаласы, Достық көшесі, 4 үй, 25 пәтер, бұдан былай «Қатысушы» деп аталады.

1.9. Серіктестік қызметінің бір жылғы қызметі нәтижесіндегі таза пайдасын бөлу Серіктестік Қатысушысының сәйкес жылғы Серіктестік қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған шешіміне сәйкес жүргізіледі.

1.10. Серіктестіктің фирмалық атауы:

«Батыр-2017» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,

Қазақ тіліндегі қысқартылған фирмалық атауы:

«Батыр-2017» ЖШС.

Орыс тіліндегі фирмалық атауы:

Товарищество с ограниченной ответственностью «Батыр-2017»

орыс тіліндегі фирмалық атауы:

ТОО «Батыр-2017»

1.11. Серіктестіктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Атырау қаласы, Құттығай Батыр көшесі, 5.

1.12. Серіктестік орташа кәсіпкерлік субъектісіне жатады.

2.СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МӘНІ

2.1 Серіктестік қызметінің негізгі мақсаты Қатысушы мұддесінде коммерциялық қызметті жүзеге асыру арқылы таза пайда алу болып табылады.

2.2. Көрсетілген мақсаттарға жету үшін Серіктестік Заң тыйым салмайтын келесі негізгі жұмыс түрлерін жүргізеді:

- Меншікті жалға беру және басқару;
- Көтерме сауда конкретизациясыз кең ассортиментті тауарларларымен;
- Сату нүктелерін (сату павильондар, дүкендер, кафе, дүңгіршектер және т.б.) ұйымдастыру;
- Экспорттық, импорттық операцияларды жүзеге асыру ;
- Кең ассортимент өнеркәсіптік тауарларымен өткізунде сауда-делдалдық қызметі;
- Бөлшек сауда жүйелерін ұйымдастыру ;
- Халық тұтынатын тауарлар, ауылшарушылық өнімдер,алкоголдік өнімдер. өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер шикізат және тб сауда саттығы ;

және Қазақстан Республикасының заң шығаратын актілермен тыйым салмайтын коммерциялық, шаруашылық, кәсіпкерлік жұмыстарының баска да түрлері.

2. 3 «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңыны сәйкес лицензиялауға жататын барлық жұмыс түрлерін Серіктестік тек белгіленген тәртіп бойынша алынған лицензиямен жүргізуге құқықты.

3. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ.

3.1 Серіктестіктің жарғылық капиталы **250 220 000,00 (екі жүз елу миллион екі жүз жиырма мың) теңге, 00 тиынды** құрайды.
3.2 Серіктестіктің Жарғылық капиталына салым ақшалар, құнды қағаздар, заттар, мүліктік құқықтар, соның ішінде жерді пайдалану құқығы және өзгі де мүлік болып табылады.
3.3 Серіктестіктің Жарғылық капиталы Қатысушының салым өнгізу арқылы құралады.
3.4 Серіктестік Қатысушысы бекітілген мерзім ішінде салым енгізу бойынша міндеттерін орындамаса, Серіктестік Қатысушы енгізбеген салымды өз капиталы есебінен (өзінің таза активтері есебінен) енгізуге тиіс немесе Жарғылық капиталды оның енгізілген бөлігінің мөлшеріне дейін азайтады.
3.5 Өз салымын уақытында енгізбеген Қатысушы Серіктестік шығындарының орнын толыруға тиіс, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің Жалпы бөлім 353-бабына сәйкес Серіктестікке айып төлеуге тиіс.
3.6 Өзінің салымын толық енгізген Серіктестік Қатысушысы өзінің Серіктестікке қатысатындығын куәландыратын куәлік ала алады.
3.7 Серіктестіктің Жарғылық капиталының азайту Серіктестік Қатысушысы салымы мөлшерінің азаюы арқылы немесе Қатысушы үлесін толық немесе жекелей жою арқылы жүзеге асыралады.
3.8 Жарғылық капиталдың азаюы осы Жарғыда мәлімделген Жарғылық капиталдың толық мөлшерінде салым енгізілгеннен кейін ғана мүмкін болады.
3.9 Серіктестіктің Жарғылық капиталын тексеру төмендегі жағдайларда мүмкін болады:
- қатысушы талабы бойынша тәуелсіз сарапшы арқылы. Сараптауды Қатысушысы төлейді;
-сот шешімі бойынша;
-әр қаржы жылының нәтижелері бойынша қаржылық есеп бойынша.
3.10 Серіктестік мүлігіндегі Серіктестік Қатысушысы үлесі – 100 % тиесілі.

№	Қатысушы	Салым сомасы, тенге	Жарғылықты капиталдағы үлесі, %
1	Рахматуллина Лилия Рудольфовна	250 220 000 (екі жүз елу миллион екі жүз жиырма мың) теңге	100%

4. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ.

4.1. Қатысушысы құқықты:
4.1.1. Серіктестік істерін басқаруға қатысуға.
4.1.2. Серіктестік қызметінен таза пайда алуға.
4.1.3. Серіктестік қызметі туралы толық ақпарат алуға, бухгалтерлік есеп беру, есепке алу мәліметтерімен және өзге де құжаттармен танысуға.
4.1.4. Қатысушы Серіктестік өндіретін өнімдерді (тауарларды, қызметтерді) алу құқық артықшылығына ие болы табылады.
4.1.5. Серіктестік тараған жағдайда несие берушілермен есептескеннен кейін қалған мүлік бөлігінің құнын немесе осы мүлік бөлген заттай алуға құқықты.
4.1.6. Серіктестікке қатысуын өз үлесін шеттеу арқылы тоқтатуға.
4.1.7. Серіктестік Қатысушысы Қазақстан Республикасының заңдарымен ескерілген өзге де құқықтарға ие бола алады.
4.1.8. Нағыз Заңмен немесе серіктестіктің жарғысында қаралғандай, серіктестіктің құқығы бұзылғанда, органдардың шешімімен соттық тәртіппен даулау.

5. СЕРІКТЕСТІК ҚАТЫСУШЫСЫҢ МІНДЕТТЕРІ

5.1.Серіктестік Қатысушысы міндетті:
5.1.1. Осы Жарғыда ескерілген мөлшерде, тәртіпте, мерзімден және тәсілде салымдар енгізуге.
5.1.2. Осы Жарғы ережелерін ұстануға.
5.1.3. Серіктестікке Қатысты бекітілген тәртіпте алған міндеттерін орындауға.
5.1.4. Серіктестікке оның қызметін жүзеге асыру үшін көмектесуге.
5.1.5. Серіктестік коммерциялық құпия деп тапқан мәліметтерді жарияламауға.
5.1.6. Заңның 17-бабы 2-ші бөлімі, 2-ші бөлімшесінде қарастырылғандай, мағлұматтар өзгерген жағдайда, жазбаша түрде атқарушы органды, сондай-ақ тіркеушіні ақпараттандыру керек.
5.1.7. Серіктестік Қатысушысы Қазақстан Республикасының заңдырымен ескерілген өзге де міндеттерге ие болады.

6. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Серіктестік құқықты:
-Қазақстан Республикасының заңдары және осы Жарғы анықтаған тәртіпті өзіне тиесілі мүлікке, ақшаға иелік етуге, оларды пайдалануға және өкімдік етуге;
-кәсіпкерлік қызметпен айналысу;
-өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуға және міндеттер көтеруге, Қазақстан Республикасының заңдары ескерген негізде және тәртіпті заңды және жеке тұлғалармен шарттар және өзге де мәмілелер жасауға;
-қызметтің лицензияланған түрлерімен айналысуға;
-заңды тұлға болып табылмайтын құрылымдық бөлімдер құқығында Серіктестіктің Филиалдары мен өкілдіктерін ашуға.
6.2. Өз қызметтің мақсаттарына жету үшін Серіктестік құқықтар ала алады, міндеттер қабылдайды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына және осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге де әректтерді жүзеге асырады.
6.3. Серіктестік міндетті:
-Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын орындауға, заңды және жеке тұлғалар мүдделеріне нұқсан келтірмеуге;

-лицензияланатын қызмет түрлерімен айналысатын болса, лицензия алуға.
6.4. Серіктестік Қазақстан Республикасынаң заңдары ескерген өзге де құқықтарға ие болды және өзге де міндеттерді көтереді.

7. СЕРІКТЕСТІКТІҢ АҚПАРАТ БЕРУ ТІРТІБІ

7.1. Серіктестік өзінің қатысушының талап етуі бойынша, қатысушыды қызықтыратын төмендегі сияқты Серіктестіктің қызметі туралы ұсынуға:
- қабылданған шешім атқаруы жалғыз қатысушысымен, атқару органның жалғыз бақылау комиссиялары және хабар қабылданған шешімдердің атқаруы туралы;
- Серіктестіктің жеке капиталы мөлшерінен жиырма бес және оданда көп пайызды құрайтын Серіктестіктің заем алуын;
- Серіктестіктің қызметтің әлдеқандай бір түрін жүзеге асыруға лицензия алуын және (немесе) белгілі бір әрекеттің жасалуын, олардың әрекеттерін уақытша тоқтату немесе тоқтату, сондай-ақ қызметтің әлде қандай бір түрін және (немесе) белгілі бір әрекетті жүзеге асыруға Серіктестіктің бұрын алған лицензиясы;
- Серіктестіктің мүлкін арестеуді;
- Серіктестікті және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуды;
- Аудиторлық есепті (ол қолда бар болса);
- Жарғыға сәйкес, қатысушылардың мүдделеріне қатысты басқа да ақпараттарды беруге міндетті.
7.2. Оның қызметіне қатысты Серіктестіктің құжаттарын, Серіктестік өзінің қызмет ету кезеңі бойында Серіктестіктің атқарушы органның тұрған жерінде немесе жарғыда белгіленген басқа орында сақталады. Сақатуға жататын құжаттар:
- Жарғы. Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- Серіктестікті заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткізу туралы куәлік;
- Серіктестіктің статистикалық карточкасы;
- қызметтің белгілі бір түрлерімен және (немесе) белгілі бір әрекеттерді жасаумен Серіктестіктің айналысуына рұқсат етілетін лицензиялар;
- өзінің балансында бар мүліктерге Серіктестіктің құқығын куаландыратын құжаттар;
- Серіктестіктің өкілдіктері мен филиалдары туралы ережелер.
7.3. Заңнамаға сәйкес сақтау мерзімі белгіленген басқа да құжаттар.
7.4. «Ақ Жайық» газеті БАҚ болғантықтан, онда Серіктесктіктің қызметі туралы хабар жарияланады.

8. СЕРІКТЕСТІК МҮЛІГІ

8.1. Серіктестік мүлігі Қатысушы салымының, Серіктестік алған кірістен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарымен тыйым салынбаған өзіне де көздерден құрылады.
8.2. Серіктестік мүлігі оның теңгерімінде ескеріледі.
8.3. Қатысушы Серіктестік мүлігіне енгізген қосымша жарна енгізу туралы шешім қабылдай алады.
8.4. Қатысушының Серіктестік мүлігіне енгізген қосымша жарнасы оның жарғылық капиталының мұлшерін және Серіктестік Қатысушының мүлігін өзгертпейді.
8.5. Серіктестік өзіне заңды және жеке тұлғалардың шарттық негізде берген мүлігін пайдалануға құқылы.
8.6. Серіктестік құратын құрылымдық бөлімдер (филиалдар, өкілдектер) мүлігінін меншік иесі Серіктестік болып табылады. Құрылымдық бөлімдердің берілген мүлікті пайдалануы және басқаруы жөніндегі өкілеттіліктері фидиалдар мен өкілдіктер туралы сәкес Ережелер арқылы анықталады.

9. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУ

9.1. Серіктестіктің басқару органдары:
-Серіктестік Қатысушысы;
-Серіктестік Директоры.
9.2. Серіктестік Қатысушы өзі немесе өкілі арқылы шешім қабылдай алады. Серіктестіктің Қатысушысы жеке тұлғаның өкілі ретінде сенімхат негізінде озге тұлғалар әрекет ете алады.
9.3. Қатысушының айрықша құзіреті:
-серіктестік Жарғысының өзгерту, оның ішінде онын Жарғылық капиталының мөлшерін, орналаскан жерін және фирмалық атауын өзгерту немесе Серіктестік Жарғысының жаңа редакциясын бекіту;
-серіктестіктің атқарушы органын құру және оның өкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе оның мүлігін сенімді басқармаға тапсыру туралы шешім қабылдау және осы тапсыру шарттарын анықтау;
-серіктестіктің бақылау кеңесінің және (немесе) ревизиалық комиссиясының ревизордың сайлау және құзырылығын мерзімнен бұрын тоқтау;
-жылдық қаржы есебін бекіту және таза пайданы бөлу;
-ішкі ережелерді, оларды қабылдау процедурасын және Серіктестіктің ішкі қызыметін реттейтін өзге шаруашылық серіктестіктеріне. коммерциялық есем ұымдарға қатысу туралы шешім қабылдау. құжаттардан басқа,яғни серіктестік жарғысымен бекітілген серіктестіктің басқа органдарының құзырына қатысты:
-серіктестікті өзге шаруашылық серіктестіктеріне коммерциялық емесе ұйымдарға қатысуы туралы шешім қабылдау;
-серіктестікті қайта құру немесе тарату туралы шешім қабылдау;
-тарату коммисиясын тағайындау және тарату теңгерімін бекіту;
-серіктестік Қатысушының үлесін мәжбүрлі сатып алу туралы шешім қабылдау;
-серіктестіктің барлық мүлігінің кепілдігі туралы шешім қабылдау;
-серіктестік мүлігіне қосымша жарналар енгізу туралы шешім қабылдау;
-серіктестік мүшелеріне жеткізілу мерзімі мен ретін және иелікке алушыларға серіктестік қызметін бекіту.
Серіктестіктің иелігінің үлесің кепілге тіркеу ҚР заңнамасына сәйкес іске асады. Серіктестік иелігінің кепілдегі улесін тіркеуші серіктестік мүшелерінің тізімін жүргізген жағдайда Заңнын немесе серіктестік жарғысының талабын орындай отырып тіркеушінің ішкі құжаттарымен сәйкестендіріліп іске асады.

9.4. Қатысушы өзінің айрықша құзіретіне енбейтін өкілдіктерді Серіктестік Директорына бағыттауға құқықты, қатысушы Серіктестік қызметімен байланысты кез келген қызметті өз қарауына қабылдауға құқықты. Серіктестіктің жылдық қаржы есебін бекітуге бағытылған Қатысушы шешімі есептік қаржы жылы аяқталғаннан кейін үш ай ішінде қабылдауға тиіс.
9.5. Серіктестіктің ішкі қызметіне қатысты сұрақтар серіктестіктің жарғысымен анықталмаса, жауапкершілігі шектеулі серіктестік шешімімен басқа органдардың шешімімен тоқтатуға құқылы.
9.6. Серіктестік қызметін ағынды басқару және оның істерін жүргізуде дара атқарушы орган Директор жүзеге асырады. Өз міндеттерін орындау кезінде Директор Серіктестік мүддесіне адал және саналы әрекет етуге тиіс. Директорды Қатысушы сайлады. Серіктестік Директоры тек жеке тұлға ғана бола алады. Оның Серіктестік Қатысушысы болмауы да мүмкін. Директор құзіреттілігіне Серіктестік қызметін қаматасыз ететін, Қатысушының айрықша құзіретіне енбейтін барлық мәселелер енеді.
9.7. Директор Серіктестік Қатысушының талабы бойынша Серіктестікке тигізген шығындарының орнын толтыру бойынша жауапқа тартылу мүмкін. Бұл жерде ол Серіктестікті дұрыс басқармауы нәтижесінде Серіктестіктің қабілетсіз (банкроттық) жағдайда ұшырағанынан үшінші тұлғаларға тиген зияндықтар үшін Директор Серіктестікпен бірге қосымша жауапқа тартылу мүмкін.
9.8. Директор құзіреті:
-серіктестік атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
-серіктестікті таныту құқығын беретін сенімхаттар береді, оның ішінде қайта тапсыру құқығын беретін сенімхаттар серіктестікті қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, аустыру, жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекті төлеу жүйесін анықтайды, сыйлық беру мәселелерін шешеді, мараптау шараларын қолданады және тәртіпке сәйкес жазалайды;
-серіктестікті заңды және жеке тұлғаларға қатысты танытады;
-қатысушыға Серіктестік қызметі туралы жыл сайын есеп береді;
-серіктестік қызметін басқаруды жүзеге асырады, соның ішінде Серіктестіктің күнделікті қызметінің мәселелері бойынша оралымды шешімдер қабылдайды;
-серіктестіктің құрылымдық бөлімдердің құрылуы мен қызметі туралы құжаттарға қол қояды;
-серіктестік мүлігіне иелік етеді;
-штаттық қызметкерлерді, соның ішінде бас есепшіні қабылдауды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады;
-серіктестіктің құрылымы және штаттық кестетін бекітеді және Серіктестіктің штаттық қызметкерлерінің еңбегін төлеу қорын бекітеді;
-серіктестік атынан шарттарға қол қояды;
-өзге де атқарушылық өкімдік қызметтерді орындайды;
-осы Жарғы арқылы Серіктестік Қатысушының айрықша құзіретіне енгізілмеген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.
9.9. Серіктестік Директоры Серіктестіктің барлық қызметкерлерінің орындауы міндетті бұйрықтар мен өкімдерді шығарады. Серіктестік Директоры банк құжаттарына қол қоя алады. Серіктестік Директорының лауазымы төленеді Серіктестік Директорының еңбегін төлеу сомасын Серіктестік Қатысушысы бекітеді.
9.10. Серіктестік Директорына тиым салынады:
- Қатысушының жазбаша кесісімінсіз одан мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер жазуға (соның ішінде сыйлау қарыз қарымтасыз пайдалану, сатып алу, сату шарттары және т.б.);
-серіктестіктің өзінен,үшінші тұлғалардан Серіктестіктің ұшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін делдалық сыйақы алуға;
-Серіктестікке қатысты жағдайларда үшінші тұлғалар және мүддесінде сөз сөйлеуге;
-Серіктестік қызметімен бәсекелестікке түсетін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға.
9.11. Осы Жарғының 8.9 тармағының 1-3 тармақшаларында ескерілген шектеулер Директордың жұбайына, барлық туған туысқандарына және туған бауырларына да қатысты.
9.12. Серіктестік Қатысушысы осы Жарғыда көрсетілген шектеулерді Директордың бұзғандығынан Серіктестікке келген зияндықтардың орнын Директордың толтыруын сот арқылы талап ете алады.
9.13. Серіктестік Директоры болмаған жағдайда және (немесе) өзінің тікелей құқықтары мен (немесе) міндеттерін іс сапар, демалыс, ауру және (немесе) өзге де түсінікті себептермен орындай алмайтын болса, оның өкілеттіліктері үшінші тұлғаға беріледі, үшінші тұлға Директор жоқ кезде оның міндеттерін серіктестік Директоры берген бұйрық және сенімхат негізінде ұқыпша орындайды.
9.14. Серіктестік немесе оның мүлігі сенімді басқармаға берілуі мүмкін.
9.15. Серіктестік Қатысушысы Серіктестіктің қаржылық есебінің өз есебінен аудиторлық тексеріліуін талап ете алады. Егер Серіктестік директоры бұл тексеруді өткізу міндетті болып табылатын уақытта немесе оны Серіктестік қатысу талап ететін кезде Серіктестіктің қаржылық есебін аудиторлық тексеруден қашқақтайтын болса, бұл тексеру кез келген мүдделі тұлғаның немесе Серіктестік Қатысушысының өтініші бойынша сот шешімімен тағайындаулы мүмкін.

10. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

10.1. Серіктестік қызметі оның қайта құрылуы (қосылу, бірігі, ажыру, бөлініп шығу, өзгеру) немесе таруы арқылы тоқтайды.
10.2. Серіктестіктің қайта құрылуы (қосылу, бірігі, ажыру, бөлініп шығу, өзгеру) Қатысушы шешімі бойынша ерікті түрді немесе Қазақстан Республикасының заң актілері ескерген жағдайларда сот шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Серіктестікті қайта құру кезінде оның мүлігі құқық қабылдаушысына өтеді.
10.3. Серіктестік өзге шаруашылық Серіктестік немесе өндірістік кооператив болып өзгеруге құқықты, оғ ан тапсыру актісіне сәйкес Серіктестіктің барлық құқықтары мен міндеттері өтеді.
10.4. Серіктестік Қатысушы шешімі бойынша таратылуы мүмкін.
10.5. Серіктестік сот шешімі бойынша мына жағдайларда таратылады:
-банкроттық;
-серіктестіктің құру кезінде заң дерекі түрде бұзылған болса және оның енді түзетуге көлмеуі салдарынан серіктестікті тіркеу заңсыз деп табылған жағдайда;
-қызметті сәйкес рұқсатсыз (лицензиясыз) немесе заң актілерімен тыйым салынған қызметті немесе заңды бірнеше мәрте яки дерекі бұзып жүзеге асырса;

-заң актілерімен ескерілген өзге жағдайларда.
10.6. Серіктестікті тарату Қатысушы тағайындайтын Тарату комиссиясы арқылы. ал Серіктестік сот шешімі бойынша таратылып отырса сот тағайындаған Тарату комиссиясы арқылы жүзеге асырылады.
10.7. Тарату комиссиясы тағайындалған мезеттен бастап оған Серіктестік істерін басқару бойынша өкіеттіліктер өтеді. Тарату комиссиясы Серіктестік мүлігін бағалайды, оның дебиторлары мен несите берушілерін табады, олармен есептеседі, Серіктестіктің ұшінші тулғалар алдындағы қарыздарын төлеу шараларын қолданады, тарату теңгерімін жасайды және оны тарату туралы шешім қабылдаған органға береді.
10.8. Серіктестік таратылғаннан кеін заңды және жеке тұлғалар арқылы пайдалануға берілген мүліктер меншік иелеріне Қазақстан Республикасының заң актілері бекіткен тәріпте қайтарылады.
10.9. Серіктестіктің меншігі болып табылатын мүлігі бюджетпен. банктармен және өзге де несие берушілермен есептескеннен кеін Серіктестік Қатысушысына оның үлестеріне сәйкес беріледі.
10.10. Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіміне мәйкес жазба енгізілгеннен кеін тарату аяқталған, ал Серіктестік қызметін токтаткан болып есептелінеді.
10.11. Серіктестік қызметінің токтауына негіз болатын жағдайлар:
- егер Жарғылық капитал мөлшерінің азаюы нәтижесінде ол минималды мөлшерден аз болатын болса;
- егер Қатысушы дер кезінде Серіктестіктің Жарғылық капиталын құрмаса.
10.12. Егер Жарғылық капиталының мөлшерінің азаюу нәтижесінде ол минималды мөлшерден төмендеп кететін болса, сондай ақ Серіктестік Қатысушысы Серіктестіктің жарғылық капиталын өз мерзімінде құрмаса, Қатысушысы бір жыл ішінде Жарғылық капталға сәйкес жарна сот шешімімен таратылуға тиіс.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Қатысушының Жарғылық капиталдағы үлесі және осыған сәйкес онің Серіктестік мүлігінің құндағы үлесі (мүліктегі үлесі) онің Жарғылық капиталдағы салымына тең. Жарғылық капиталдағы салымдардың өзгеруі (азаюы, көбею) Серіктестік Қатысушысы үлес мөлшерін қайта есептеуге алып келеді.
11.2. Кез келген негіздер бойынша үлеске құқықты жоғалу Қатысушының Серіктестіктен шығуына алып келеді, Үлесті сатып алу үлесті сатып алушаның Серіктестік қатысушылары қатарына енуін білдіреді. Серіктестік мүлігіндегі Қатысушы үлесіне құқық міндеттемелік сипатқа ие болып табылады.
11.3. Серіктестік мүлігіндегі Қатысушы үлесі салымның төленген бөлігіне ғана салым толық төленгенше шеттетілуі немесе кепілге берілуі мүмкін. Серіктестік Қатысушысы Серіктестік мүлігіндегі өз үлесін немесе онің бөлігін өз қарауына қарай сатуға немесе өзге де жолдарман беруге құқықты. Бұл мәмілелерді жасауға Серіктестіктің келісімі қажет емес. Серіктестік Қатысушысының өз үлесін онің бөлігін ұшінші тұлғаларға шеттетуі немесе Қатысушының міндеттерін ұшінші тұлға немесе тұлғалар алдында камтамасыс ету ұшін кепілге беруге жол берілмейді.
11.4. Серіктестік Қатысушысының үлестері онің мұрагерлеріне өтеді. Үлестің мұрагерлеріне өтуі және оны бірнеше мұрагерлер арасында бөліп беру Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүргізіледі.
11.5. Серіктестік Қатысушының несие берушілері сот шешімінің негізінде осы Қатысушының Серіктестік мүлігідегі үлесіне немесе үлесінің бөлігіне мәжбүрлі түрде жаза белгіленуін талап ие алады.
11.6. Өзінің кепіл ұстаушылық құқығы жақ үлеске (үлес бөлігіне) жаза белгілеген несие беруші Серіктестікке борышкер үлесін (үлес бөлігіне) мәжбүрлі түрде сатып алу туралы және сатып алудан түскен сомамен қарыздың өтелуі туралы талабын кояды. Үлесті (үлес бөлігіне) сатып алуды Серіктестік үлесі сатып алынатын Қатысушының келісімі бойынша тараптар анықтаған баға бойынша жүзеге асырады.
11.7. Серіктестік пен үлесіне жаза тартылып отырған Қатысушы келіскен жағдайда, осы үлес (үлес бөлігіне) ушінші тұлғаға сатылуы мүмкін.
11.8. Егер Серіктестік немесе оның Қатысушысы немесе ушінші тұлғалар несие беруші талап қайған мезеттен бастар үш ай ішінде үлесті (үлес бөлігіне) сатып алмайтын болса және талаптардықанағаттандырмаса, несие беруші үлестің (оның бөлігінің) жария саудадан Қазақстан Республикасының азаматтық процессуалды заңдары ескерген тәртіпте сатылуы талап ете алады.
11.9. Үлесті сатудан түскен ақшадан оны бағалау шығындары, сатуды ұйымдастыру мен өткізу шығындарды жабылады және үлеске жаза тартуға өтініш берген несие берушінің талаптары канағаттандыралады. Қалған ақша, егер ол қалатын болса үлесі (үлесінің бөлігі) сатылған Қатысушыға беріледі.
11.10. Серіктестіктің бір жылғы қызметі нәтижесінде түскен таза пайдасын бөлу Қатысушының сәйкес жылғы Серіктестік қызметінің нәтижелерін бекітуге арналған шешіміне сәйкес жүзеге асырылады. Серіктестікте резерв коры құрылған жағдайда серіктестіктің ықтимал шығындары осы кордың есебінен жабылады. Резерв корының қаражаты жетіспеген кезде немесе резерв коры болмаған жағдайда шығындарды жабудың көздері туралы шешімді қатысушы қабылдайды. Серіктестік қатысушыларының кай-қайсысын болмасын таза табысты бөлуге қатысудан шеттеткен келісімдер жарамсыз болып табылады.
11.11. Егер таза пайданы бөлу шешім қабылданатын болса, Қатысушы бөлінетін таза пайданың Серіктестік мүлігіндегі үлесіне мәйкес келетін бөлігін алуға құқықты. Төлеуді Серіктестік ақша түріне таза пайданы бөлу туралы шешім қабылданған мезеттен бастап бір ай ішінде жүзеге асыруға тиіс.
11.12. Серіктестіктің Жарғылық капиталы толық төленгенге дейін таза пайда бөлінбейді.
11.13. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары бекіткен тәртіпте тіркелген мезетте бастап күшіне енеді.

Қатысушы **Рахматуллина Лилия Рудольфовна**

Утвержден
Решением единственного участника
ТОО «Батыр-2017»
«6» октября 2023 г.

У С Т А В
Товарищества с ограниченной ответственностью
« Батыр-2017 »

1.ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Настоящий Устав определяет порядок создания, права и обязанности Участника, долю Участника в имуществе, порядок формирования и компетенцию органов, распределения чистого дохода, а также условия реорганизации и прекращения деятельности хозяйственного товарищества в форме **товарищества с ограниченной ответственностью «Батыр-2017»** (именуемое далее «Товарищество»).

1.2. Товарищество осуществляет свою деятельность в соответствии с Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» от 22.04.1998г. и другим законодательством Республики Казахстан.

1.3. Товарищество создано на неопределенный срок и является самостоятельной организацией, имеющей статус юридического лица, самостоятельный баланс, обособленное имущество и право распоряжаться им по своему усмотрению, расчетный, валютный и иные счета в банках, печать, единый товарный знак, бланки и штампы со своим фирменным наименованием.

1.4. Товарищество вправе от своего имени вступать в договорные отношения с физическими и юридическими лицами, выступать истцом и ответчиком в суде.

1.5. Товарищество не несет ответственности по личным обязательствам Участника, Товарищество несет ответственность по своим обязательствам всем своим имуществом. Участник не отвечает по обязательствам Товарищества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Товарищества, в пределах стоимости внесенного им вклада в Уставный капитал Товарищества.

1.6. Товарищество приобретает статус юридического лица с момента его государственной регистрации.

1.7. Участник Товарищества сохраняет обязательственные права на имущество Товарищества.

1.8. Участниками Товарищества на дату подписания настоящего Устава являются:

Участник 1 - Гражданка Республики Казахстан Рахматуллина Лилия Рудольфовна, 22.06.2002 года рождения, ИИН 020622650803, зарегистрированный по адресу: РК, Атырауская область, город Атырау, улица Достык, дом №4, квартира 25, имеющая удостоверение личности № 044761950, выданное МВД РК 15.08.2018 года, владелец доли в размере 100% уставного капитала Товарищества.

1.9. Распределение чистого дохода полученного Товариществом по результатам его деятельности за год, производится в соответствии с решением Участника Товарищества, посвященного утверждению результатов деятельности Товарищества за соответствующий год.

1.10.Фирменные наименования Товарищества:

Фирменное наименование на казахском языке:
«Батыр-2017» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Сокращенное фирменное наименование на казахском языке:
«Батыр-2017» ЖШС
Фирменное наименование на русском языке
Товарищество с ограниченной ответственностью «Батыр-2017»
Сокращенное фирменное наименование на русском языке:
ТОО «Батыр-2017»

